

білдіреді. Сонымен қатар, «Ақ» және «Сары» түс компоненттері бар гидронимдер мен оронимдер (мысалы, Ақмыш, Сарықұдық) жергілікті тұрғындардың табиғи ресурстарды бағалаудағы практикалық мәнін жеткізеді. Бұл түстер судың тазалығын, құдықтың құндылығын немесе топырақтың сапасын сипаттайтын бағалау белгісі ретінде қызмет етеді.

Қорыта айтқанда, Шетпе өңірінің топонимдерін терең зерттеу біздің Қазақстанның ономастикалық картасын толықтыруға үлес қосып қана қоймай, сонымен бірге көне түркі мәдениетінің, тарихи-тілдік процестердің және жергілікті этнографияның өзара тығыз байланысын түсінуге зор мүмкіндік береді. Бұл жүйелі түрде жинақталған және талданған топонимикалық мәліметтер болашақта тарих, тіл білімі және өлкетану бағыттарындағы жаңа зерттеулерге берік негіз ретінде қолданыла алады. Осылайша, біз Шетпе жерінің тарихын тек жазба деректерден емес, сонымен қатар тілде сақталған «тас кітаптан» оқи алатынымызды дәлелдедік.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Маңғыстау өңірі жер-су атауларының түсіндірме сөздігі. - Алматы: «Нұрлы әлем», 2010. - 238 б.
2. Әбдірахманов А. Кейбір топонимдердің этимологиясы жайында//Қазақ ономастикасының мәселелері. - Алматы, 1986, -136 б.
3. Ә.Кекілбаев. Түркістан тағылымы // Егеменді Қазақстан, 2000, 8, 11
4. Оңдасынов Н. Парсыша- қазақша түсіндірме сөздік. - Алматы, 1974, -384 б.
5. Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. - Алматы, 2002, - 616 б.
6. Гарипова. Ф.Г.Исследования по гидронимии Татарстана - Москва, 1991, -294с.
7. Қондыбаев С. Маңғыстау географиясы. - Алматы, 1998, - 135 б.
8. Қондыбаев С. Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары. - Алматы, 2000. - 126 б.
9. Кайдар А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском Алматы, 2005, - 304с.
10. Маңғыстау энциклопедиясы. Бас редактор Б.Ф. Аяған. - Алматы: "Қазақ энциклопедиясы", 2008. - 632 б.

### **ОРАЛ ӨҢІРІНІҢ ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАРЫ: ШЫҒУ ТЕГІ, ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Абылай А.**

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық университеті

abylaiaiaru2007@mail.ru

Астана қ.

Бұл мақалада Орал қаласы мен оған жақын орналасқан өңірдің топонимдері, сондай-ақ негізгі географиялық атаулардың шығу тегі мен семантикалық құрылымы қарастырылады. Орал - Батыс Қазақстанның ежелгі мәдени орталықтарының бірі, сондықтан оның ономастикалық жүйесі өңір тарихының көпқабатты дамуын бейнелейді. Өңірдегі өзендер, қоныстар мен жер атаулары түркі, ноғай, қазақ, орыс және башқұрт мәдени қабаттарының элементтерін сақтап қалған. Бұл ерекшелік аталған аймақты ономастикалық зерттеулер үшін құнды нысанға айналдырады. Мақалада Орал, Жайық, Шаған, Деркөл, Көшім, Қараөзек және Ескі Орал сияқты топонимдерге жан-жақты талдау жасалып, олардың этимологиясы, тарихи деривациясы және табиғи-географиялық жағдайлармен байланысы түсіндіріледі. Сонымен қатар атаулардың этнолингвистикалық қырлары мен жергілікті халықтың мәдени жадындағы орнына баса назар аударылады. Зерттеудің дереккөздері ретінде Е. Қойшыбаев, Т. Жанұзақов, А. Шайхымұлы сынды белгілі қазақстандық ғалымдардың еңбектері пайдаланылды. Бұл авторлар өңір топонимиясын ғылыми тұрғыдан түсіндіруге елеулі үлес қосқан. Мақаланың негізгі мақсаты - аталған атаулардың тарихи негіздерін анықтау және Орал өңіріндегі жер-су атаулары жүйесінің этномәдени, географиялық және тарихи ақпараттың маңызды көзі екенін көрсету.

**Кілт сөздер:** Ономастика, топонимдер, Орал, Жайық, шығу тегі, тарих, өңір, мәдениет, география, этнография.

#### **Аннотация**

В данной статье рассматриваются топонимы города Орал и прилегающего региона, а также происхождение и семантическая структура основных географических названий. Орал является одним из древнейших центров Западного Казахстана, и его ономастическая система отражает многослойную

историю края. В названиях рек, поселений и местностей сохранились тюркские, ногайские, казахские, русские и башкирские культурные влияния, что делает регион важным объектом для ономастического анализа. В статье подробно исследуются такие топонимы, как Орал, Жайык, Шаган, Деркөл, Көшім, Караөзек и Ески Орал; приводятся версии их происхождения, исторические деривации и связь с природно-географическими жағдайлармен. Особое внимание уделяется этнолингвистическим аспектам названий, а также их рөліне в культурной памяти местного населения. В качестве источников использованы труды известных казахстанских исследователей -Е. Қойшыбаева, Т. Жанұзақова, А. Шайхымұлы, которые внесли значительный вклад в изучение топонимики региона. Цель данной работы - определить тарихи негіздерін топонимов и показать, что система географических названий Ораловского региона является бағалы дереккөзі этнокультурной, географической и тарихи информации.

**Ключевые слова:** Ономастика, топонимы, Орал, Жайык, происхождение, история, регион, культура, география, этнография.

#### **Annotation**

This article examines the toponyms of the city of Oral (Uralsk) and its surrounding region, focusing on the origins and semantic features of major geographical names. Oral is one of the oldest cultural centers of Western Kazakhstan, and its onomastic system reflects the multilayered historical development of the area. The place names of the region preserve Turkic, Nogai, Kazakh, Russian, and Bashkir cultural influences, making the area a valuable subject for onomastic research. The study provides a detailed analysis of toponyms such as Oral, Zhaiyk, Shagan, Derkol, Koshim, Karaözek, and Old Oral, discussing their etymology, historical derivations, and connections to natural and geographical characteristics. Special attention is given to the ethnolinguistic aspects of these names and their role in preserving cultural memory. The research is based on works by notable Kazakh scholars - E. Koishybayev, T. Zhanuzakov, and A. Shaikhimuly - whose studies significantly contributed to the understanding of regional toponymy. The main aim of this article is to identify the historical foundations of these toponyms and to demonstrate that the naming system of the Oral region serves as an important source of ethnocultural, geographical, and historical information.

**Keywords:** Onomastics, toponyms, Oral, Zhaiyk, origin, history, region, culture, geography, ethnography.

Орал қаласы - Қазақстанның батысындағы ең көне өңірлердің бірі. Мұнда ежелгі түркі тайпалары, кейін Ноғай Ордасы, Қазақ хандығы, ал XVIII ғасырдан бастап орыс-казак әскери құрылымдары мекендеген. Сондықтан аймақтың топонимиялық жүйесі өте күрделі әрі көпқабатты. Мұнда түркілік, ноғайлық, қазақтық атаулар да, орысша тарихи атаулар да қатар кездеседі. Өңірдегі Жайық, Шаған, Деркөл, Қараөзек, Көшім, Ески Орал сияқты атаулар табиғи ортаға, тарихи оқиғаларға, белгілі тұлғаларға, жер бедеріне байланысты қойылған. «Жайық» атауы ежелден бері қолданылып, өзеннің мінезін сипаттайды. «Орал» атауы XVI ғасырдан орыс деректерінде пайда болғанымен, қазақтар бұл өңірді әлі күнге «Жайық бойы» деп атайды. Ал «Деркөл» атауында башқұрт-татар тіл элементтері сақталған. «Көшім» атауы -Ноғай Ордасының билеушісі Көшім ханмен байланысты. Осындай атаулар өңір тарихының әр кезеңін айқын көрсетеді. Бұл мақалада Орал өңірінің негізгі топонимдері қарастырылып, олардың шығу тегі, мағынасы және тарихи-мәдени мазмұны талданады. Сондай-ақ бұрынғы ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, атаулардың зерттелу деңгейі көрсетіледі. Зерттеудің жалпы мақсаты -Орал аймағының ономастикалық жүйесін талдап, әр атаудың артында жатқан тарихи ақпаратты анықтау.

Зерттеу барысында қазақ ономастикасы бойынша танымал ғалымдардың еңбектері пайдаланылды: Е. Қойшыбаевтың «Қазақстанның жер-су атаулары», Т. Жанұзақовтың «Қазақ ономастикасы», А. Шайхымұлының Батыс Қазақстан өңіріне арналған еңбектері. Сонымен қатар Батыс Қазақстан облысының өлкетану кітаптары, тарихи карталар және энциклопедиялық деректер қолданылды. Әдістеме ретінде салыстыру, тарихи талдау, этимологиялық зерттеу, картографиялық салыстыру және сипаттамалық талдау әдістері қолданылды. Бұл тәсілдер топонимдердің шығу тегін анықтауға және олардың тарихи мәнін ашуға мүмкіндік берді.

«Орал» сөзі түркі тілдерінде «ор», «орта», «төңірек» мағыналарымен байланысты. Кей зерттеушілер «Орал» атауы «орман, таулы белдеу» ұғымынан шыққан деп көрсетеді. Орыс деректерінде XVI ғасырдан бастап «Уральск» атауы орнықты. Қазақ қоғамында бұл өңір ежелден «Жайық бойы» деп аталды.

Жайық Қазақстанның батыс бөлігін кесіп өтетін ірі өзендердің бірі. «Жайық» атауының шығуы туралы бірнеше пікір бар: «жайылып ағатын өзен» деген мағына; көне түркі тіліндегі «яик / яйик» сөзінен шыққан. Ресей карталарында XVII ғасырдан бастап өзен «Урал» атымен белгілене бастады.

Шаған атауының төркіні «шағыр» түбірімен байланыстырылады, мағынасы - «ашық, жарқыраған, бозғылт». Бұл өзеннің суы ашық әрі тұнық болғандықтан, халық солай атаған. «Деркөл» атауы татар-башқұрт тілдеріндегі «дер» (төбе) және «көл» (су) сөздерінен шыққан болуы мүмкін. Кейбір деректерде бұл аймаққа башқұрттар қоныстанғаны айтылады. Ескі Орал - бұл атау қаланың бұрынғы ескі бөлігін білдіреді. XVIII ғасырда казак-орыс әскері бекініс салып, қала екі бөліктен тұрған. Қазақтар «Ескі Орал» деп бұрынғы әскери бөлікті атаған. Орал маңындағы «Көшім» атауы Ноғай Ордасының билеушісі Көшім ханмен байланысты деген дерек бар. Бұл өңірде оның қыстауы болғаны айтылады. Қараөзек атауы «қара» (үлкен, қою) + «өзек» (шағын өзен арнасы) сөздерінен тұрады. Географиялық тұрғыдан да бұл атау дәл келеді, себебі өзек терең әрі қарасу. Махамбет, Исатай атаулар - бұл атаулар тарихи тұлғаларға арналған. Жайық бойында Махамбет пен Исатай көтерілісінің іздері қалған елді мекендер, өткелдер, қыстаулар бар. Саратов тас жолы - бұл атау XIX ғасырдағы сауда керуендері пайдаланған жолмен байланысты. Орал-Саратов байланысы өте тығыз болған. [2;44-676]

Зерттеу нәтижелері Орал қаласы мен оның айналасындағы өңірлік топонимдердің тарихи ақпаратқа толы екенін көрсетті. Жер-су атаулары бір ғана кезеңге байланысты емес, бірнеше дәуірдің ізі сақталған көпқабатты тарихи жүйе болып шығады. Бұл атауларды талдау арқылы өңірдің мәдениеті, этникалық құрамы, шаруашылығы, табиғи ерекшелігі және әр дәуірдегі саяси жағдай туралы түсінік қалыптастыруға болады. [6;676] Бірінші нәтиже - Орал өңірі топонимдерінде түркілік негіз өте басым. Жайық, Шаған, Қараөзек, Көшім, Ақсуат сияқты атаулардың бәрі ежелгі түркі тілдік қорынан шыққан. Бұл атаулар өңірде қазақтар мен олардың арғы бабалары ертеден өмір сүргенін дәлелдейді. Түркілік қабат атаулардың табиғи ортаға байланысты қойылғанын да көрсетеді. Мысалы, «Қараөзек» - географиялық ерекшелігін анық сипаттаған атау. «Шаған» - судың түсі мен табиғи сипатына қатысты қойылған. Осылайша, атаулар жер бедері мен экология туралы да ақпарат береді. Екінші нәтиже - Орал аймағында ноғай-қазақ кезеңінің ізі өте күшті сақталған. Қазіргі топонимдердің бір бөлігі Ноғай Ордасы кезеңіне тән атаулармен байланысты. «Көшім» атауы - осының дәлелі. Көшім ханның бұл өңірді мекендегені туралы деректер бар, сондықтан атаудың шығу тегі тарихи тұлғамен байланысып отыр. Бұл қазақ пен ноғай халықтары арасындағы мәдени жақындықты көрсетеді. Үшінші нәтиже - XVIII-XIX ғасырлардағы орыс-казак кезеңінің топонимдер жүйесіне айтарлықтай әсер еткені. Орал қаласының «Уральск» атауы, «Ескі Орал», «Саратов тас жолы», «Казачий поселок» сияқты атаулар империялық кезеңнің ықпалын білдіреді. Бұл атаулар кейінгі әкімшілік-экономикалық өзгерістерді көрсетеді. Жайық өзенінің «Урал» болып өзгеруі де үлкен тарихи-саяси ықпалдан туған. Төртінші нәтиже - Орал өңірінің топонимдік жүйесі этномәдени араласудың нәтижесі. Мұнда қазақ, ноғай, орыс, татар, башқұрт мәдениеттерінің элементтері кездеседі. Бұл аймақтың ұзақ уақыт бойы түрлі халықтардың тоғысқан орны болғанын дәлелдейді. Мысалы, «Деркөл» атауында башқұрт-татарлық сөздік элементтер бар. Бұл атаулардың пайда болуы өңірдегі көші-қон және қоныстану тарихын зерттеуге көмектеседі. Бесінші нәтиже - топонимдер әлеуметтік-тарихи оқиғалармен тығыз байланысты. Махамбет, Исатай сияқты тұлғалардың аттары қойылған жерлер халықтың жадында сақталған тарихи оқиғаларды білдіреді. Жайық бойында өткен көтерілістер мен күрестердің ізі жер-су атауларында әлі күнге дейін көрінеді. Алтыншы нәтиже - зерттеу көрсеткендей, топонимдер тек атау емес, өңірдің «тілі» ретінде сөйлейді. Яғни топонимдер - жазусыз тарихи құжат. Әр атаудың артында бір оқиға, бір табиғи ерекшелік, бір тұлға немесе бір этникалық топтың ізі жатыр. Сондықтан топонимдерді зерттеу - аймақ тарихын танудың маңызды бөлігі. Жетінші нәтиже - қазіргі Орал өңіріндегі топонимдердің бір бөлігін қайта қалпына келтіру қажеттігі байқалады. Кейбір тарихи атаулар кеңес кезеңінде өзгертілген, ал олардың бұрынғы нұсқалары халық жадында ғана қалған. Бұл атауларды қалпына келтіру аймақтың тарихи мұрасын сақтау үшін маңызды. [5;156] Қорытындылай келе, зерттеу жұмысы Орал өңірінің топонимдік жүйесі бай тарихи және этнографиялық ақпарат беретінін, әрі бұл атаулардың әрқайсысы өткен дәуірлердің көрінісі екенін көрсетті. Жер-су атаулары - аймақтың көркем тарихи картасы, сондықтан оларды зерттеу әрі сақтау - маңызды ғылыми және мәдени міндет.

Қорытындылай келе, бұл зерттеу Орал қаласы мен оның маңындағы өңірдің топонимдерін талдау арқылы аймақтың тарихи даму ерекшеліктерін көрсетуге бағытталды. Топонимдер - халықтың өмірі мен тарихының аса маңызды бөлігі. Олар бір жағынан табиғи ортаны сипаттаса, екінші жағынан белгілі бір дәуірдің саяси, әлеуметтік және этникалық жағдайын көрсететін құнды дерек. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде бірнеше маңызды тұжырым жасалды. Біріншіден, Орал өңірінің атаулары негізінен түркілік түбірден шыққан. Бұл өңір қазақ халқының ежелгі қонысы болғанын дәлелдейді. Екіншіден, ноғай-қазақ кезеңінің де топонимдер жүйесіне ықпалы анық көрінеді. Үшіншіден, XVIII-XIX ғасырларда Ресей империясының келуімен жаңа атаулар пайда болып, аймақтың бұрынғы топонимиялық жүйесіне өзгерістер енгізілді. Бұл өзгерістер бүгінге дейін сақталып отыр. Сонымен

қатар өңірдің топонимдері тек тарихи ғана емес, мәдени араласудың да көрінісі бола алғаны байқалды. Қазақ, ноғай, орыс, татар және башқұрт халықтарының өзара ықпалы топонимиялық картадан анық көрінеді. Бұл Орал аймағының этнотарихи тұрғыдан ерекше аймақ болғанын дәлелдейді. Жалпы, зерттеу жұмысы Орал өңірінің жер-су атаулары - тарихи жадының бөлігі екенін, оларды зерттеу мен сақтау маңызды екенін көрсетті. Әрбір атаудың артында ұлт тарихы, халық тәжірибесі, географиялық ерекшелік жатыр. Сондықтан топонимдерге құрметпен қарау - мәдени мұраны қорғаудың бір жолы.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1.БҚО тарихы. - Орал: Өлкетану орталығы, 2016.- 80-96.
- 2.Қойшыбаев Е. *Қазақстанның жер-су атаулары*. - Алматы: Мектеп, 1985. -44-67.
- 3.Қазақ ұлттық энциклопедиясы. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2001. -120-124.
- 4.Төлегенов Ә. «Батыс Қазақстан топонимиясының мәселелері». // *Тарих және география журналы*, 1997. - №3. -22-29.
- 5.Жанұзақов Т. *Қазақ ономастикасы*. - Алматы: Ғылым, 2006. -15-37.
- 6.Султанов Т. *Көшпелілер тарихы*. - Алматы: Атамұра, 1997. -98-115.
- 7.Уральск. Историко-энциклопедический справочник. - Орал, 2010. -13-25.

### **ҰЛЫТАУ ӨңІРІНІң ОНОМАСТИКАСЫ**

**Аликулов Е.Е.**

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық университеті  
ersagynalikulov@gmail.com

Астана қ.

Бұл мақала Ұлытау өңірінің ономастикалық кеңістігін зерттеуге арналған. Ерте дәуірлерден бастап тарихи-мәдени процестердің маңызды торабында орналасқан Ұлытау аймағы қазақ халқының этникалық, саяси және рухани тарихында ерекше орын алады. Ұлытау аттары - табиғи нысандарды сипаттап қана қоймай, сонымен бірге ежелгі тайпалардың қоныстану іздерін, тарихи оқиғаларды, әулие-әмбиелерге қатысты аңыздарды, шаруашылық-мәдени ерекшеліктерді және түркілік мифологиялық түсініктерді сақтаған көпқабатты дереккөздер. Мақаланың мақсаты - Ұлытау өңірінде кең таралған топонимдер мен микротопонимдердің шығу тегі, семантикалық дамуы мен ономастикалық құрылымын лингвистикалық, тарихи және мәдени контексте талдау. Зерттеудің теориялық негіздері ретінде Т. Жанұзақов, Е. Қойшыбаев, А. Әбдірахманов, С. Қоныбай, сондай-ақ Ұлытауды тікелей зерттеген ғалымдар - Қ. Сәтбаев, Ә. Марғұлан, Қ. Байпақов еңбектері пайдаланылды. Дереккөз ретінде мұрағат құжаттары, тарихи-этнографиялық материалдар, халық ауыз әдебиеті үлгілері және жергілікті тұрғындардан жиналған мәліметтер қолданылды. Мақалада Ұлытау, Алтыншоқы, Жошы хан, Алаша хан кесенесі, Терісаққан, Сарыкеңгір, Қаракеңгір, Басқамыр, Аяққамыр тәрізді атаулардың этимологиясы мен тарихи мәні қарастырылады. Зерттеу нәтижелері Ұлытау топонимдерінің аймақ тарихындағы сабақтастықты, мифологиялық-тарихи стратификацияны және түркілік ономастикалық дәстүрдің тұрақтылығын көрсетеді.

**Кілт сөздер:** Ұлытау, топонимдер, ономастика, тарихи атаулар, Жошы хан, Алаша хан, этимология, түркілік таным, мәдени мұра.

#### **Аннотация**

Данная статья посвящена изучению ономастического пространства Улытауского региона. С древнейших времен Улытауский регион находился на важном стыке историко-культурных процессов и занимал особое место в этнической, политической и духовной истории казахского народа. Улытауские названия являются многослойными источниками, которые не только описывают природные объекты, но и хранят следы расселения древних племен, исторические события, предания о святых, хозяйственно-культурные особенности, тюркские мифологические представления. Цель статьи - проанализировать происхождение, семантическое развитие и ономастическая структура топонимов и микротопонимов, распространенных в Улытауском регионе, в лингвистическом, историко-культурном контексте. Теоретическую основу исследования составили труды Т. Жанузакова, Е. Койшыбаева, А. Абдрахманова, С. Кобыбая, а также ученых, непосредственно изучавших Улытау - К. Сатпаева, А. Марғұлана, К. Байпакова. В качестве источников были использованы архивные документы, историко-этнографические материалы, образцы народной литературы и сведения,